



ЖШС «Elite school» жекеменшік мектебінің 1-4 қазақ, орыс сынып оқушылары арасында «Дарынды бала – ел болашағы» тақырыбындағы мектепаралық олимпиада ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

- ЖШС «Elite school» жекеменшік мектебінің 2024-2025. оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес 1-4 қазақ, орыс сынып оқушылары арасында «Дарынды бала – ел болашағы» тақырыбындағы мектепаралық олимпиадасын (бұдан әрі – Олимпиада) өткізу.
- Олимпиаданы ұйымдастырушылар: ЖШС «Elite school» жекеменшік мектебі әкімшілігі.

2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

- ✓ Оқушыларды жан-жақты болуға бейімдеу. Эстетика, ақыл - ой, шығармашылық қабілетін кең көлемде дамыта отырып, балалардың жан-жақты қызығушылығын арттыру;
- ✓ Математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, ағылшын тілінің I жартыжылдық бойынша оқушылардың білім деңгейін анықтап, саралау;
- ✓ Оқушыларды өзіндік жұмыс жасауға дағдыландыру;
- ✓ бос уақытын тиімді пайдалануға үйрету.

3. Олимпиаданың талаптары мен шарттары

Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

I кезең – 10 ақпан күні,

басталуы: сағат: 09:00. I кезең тапсырмасының жалпы балы – 100

| № | сыныбы | Тапсырма түрі | Орындалуы уақыты, түрі |
|---|-----------------|---------------|-------------------------|
| 1 | 1,2 қазақ, орыс | 10 тапсырма | 40 минут, қағаз түрінде |
| 2 | 3,4 қазақ, орыс | 20 тест | 40 минут, компьютер |

II кезең – 11 ақпан күні,

басталуы: сағат: 09:00

ЕСКЕРТУ: II кезеңге I кезеңнен 70 балдан жоғары алған оқушылар қатыстырылады.

| № | сыныбы | Тапсырма түрі . 100 балл | | | | Орындалуы уақыты, түрі |
|---|------------------|--------------------------|-------------|--------------|--------------------|-------------------------|
| | | Петерсон | Сингапур | Минуттық оқу | Оқушының жетістігі | |
| 1 | 1,2 қазақ, орыс. | 10 тапсырма | 10 тапсырма | | | 40 минут, қағаз түрінде |
| 2 | 3,4 қазақ, орыс | тест | тест | | | 40 минут, компьютер |

Минуттық оқу нормасы 1-қосымшада.

4. Бағалау критерийлері

- ✓ Бағалау жүйесіне арнайы комиссия мүшелері құрылады: (комиссия төрайымы: мектеп директоры, мүшелері: ДОЖО, ДҒӘЖО, бастауыш қазақ, орыс МО жетекшілері, ата-ана комитеті әр сыныпқа 1 адам,)
- ✓ Оқушылардың нәтижесін бағалау критерийі:
 - Математикалық сауаттылығың (Петерсон) деңгейі жалпы балл – 30 балл;
 - Оқу сауаттылығының деңгейі (оқуы, мазмұндауы, мәтін бойынша сұраққа жауап беруі) оқу сауаттылығы – 15 балл, мазмұндауы – 10 балл, сұрақ жауап – 5 балл
 - Ағылшын тілін игеру Сингапур деңгейі – 30 балл
 - Оқушы жетістіктері – 10 балл (**Жалпы балл – 100 балл**)

Жоғарыдағы талаптарға сәйкес ең жоғары ұпай жинаған «Elite School» оқушылары I, II, III жүлделі орындармен және мектеп құрылтайшысының арнайы БІЛІМ ГРАНТЫНА жеңілдіктерге ие болады.

Ескерту: басқа мектеп қатысушылары I, II, III жүлделі орындарға ие болған жағдайда ақшалай сыйақы табысталады.

Олимпиада нәтижесі **2025 жылдың 12 ақпан күні** салтанатты табысталады. Жүлдегерлер «Elite school» жекеменшік мектебінің инстаграм парақшасында жарияланады.

№1-қосымша

Оқу жылдамдығының нормасы

| Сынып | Баға | Оқылатын сөз саны | Балл |
|---------|------|-------------------|------|
| 1-сынып | 5 | 36 сөзден артық | 15 |
| | 4 | 25-35 сөз | 10 |
| | 3 | 10-15 сөз | 5 |

| Сынып | Баға | Оқылатын сөз саны | Балл |
|---------|------|-------------------|------|
| 2-сынып | 5 | 55 сөзден артық | 15 |
| | 4 | 50-55 сөз | 10 |
| | 3 | 40-45 сөз | 5 |

| Сынып | Баға | Оқылатын сөз саны | Балл |
|---------|------|-------------------|------|
| 3-сынып | 5 | 70 сөзден артық | 15 |
| | 4 | 60-65 сөз | 10 |
| | 3 | 40-54 сөз | 5 |

| Сынып | Баға | Оқылатын сөз саны | Балл |
|---------|------|-------------------|------|
| 4-сынып | 5 | 90 сөзден артық | 15 |
| | 4 | 85-90 сөз | 10 |
| | 3 | 65-70 сөз | 5 |